Исткомтранс ТЛО

Орналасқан жері: Қазақстан

Жоба нөмірі: 53634

Бизнес секторы: Көлік

Жекеменшік түрі: Жеке

Экологиялық санаты: B

Бекітілетін күні: 12 қыркүйек 2023 ж.

Мәртебесі: **соңғы қараудан өтті, бекіту күтілуде**

Жобаның қысқаша мазмұны (PSD) ағылшын тілінде жарияланған күні: 20 сәуір 2022 ж.

Жобаның сипаттамасы

Қазақстанда тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге, «Исткомтранс» ЖШС («Компания») және оның еншілес компаниясы «ТЛЦ Жетіген» ЖШС-не, 7 жыл мерзімге 40,0 млн. АҚШ долларына дейінгі сомаға дейін қамтамасыз етілген несие беру.

Жобаның мақсаттары

Несиелік қаражат контейнерлік терминалды кеңейтуді, әмбебап теміржол вагондарын сатып алуды және Компанияның теміржол паркінің жоспарлы күрделі жөндеуін қаржыландыру үшін пайдаланылатын болады («Жоба»).

Өтпелі кезеңге әсері

ETI ұпайы: 63

Өтпелі кезеңнің әсері «инклюзивті» және «бәсекеге қабілетті» қасиеттерге байланысты болады деп күтілуде.

Атап айтқанда, жоба ерлер үстемдік ететін лауазымдарда/деңгейлерде компанияның жұмыс күшіндегі әйелдердің үлесін 5-10 пайызға арттыру және екі жаңа немесе жетілдірілген ұлттық кәсіби дағдылар стандарттарын енгізу арқылы саясатты жақсарту үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету саясаты мен тәжірибесін енгізеді.

Сонымен қатар, жоба операциялық тиімділікті арттыруды және сервисті жақсартуды қолдай отырып, компанияның нарықтағы үлесін ұлғайту арқылы мемлекеттік кәсіпорындар үстемдік ететін нарықтағы жеке операторға қолдау көрсетеді.

Клиент туралы ақпарат

«ИСТКОМТРАНС» ЖШС

«Исткомтранс» ЖШС Қазақстандағы ірі жеке теміржол жүк компаниясы және Банктің ұзақ мерзімнен бері келе жатқан клиенті болып табылады. Компания 10 014 вагоннан

тұратын паркке ие, олардың орташа жасы шамамен 10,8 жыл. 2022 жылы компанияның айналымы 151,8 млн. еуроны құрады.

«ТЛЦ Жетіген» ЖШС

2021 жылдың желтоқсан айында Алматы қаласының маңында «Жетіген» транспорт логистикалық орталығын («ТЛО») салу және пайдалану үшін құрылды.

ЕҚДБ қаржылық ақпараты

40,000,000.00 АҚШ доллары

Баламасы 40,0 миллион АҚШ долларына дейінгі басым құқықпен қамтамасыз етілген несие.

Жобаның жалпы құны

42,900,000.00 АҚШ доллары

Қосымша

Банк кадрларды басқару саясаты мен практикасын қайта қарау мен дайындауда және гендерлік теңгерімді жақсарту және қауіпсіз жұмыс ортасын құру бойынша нақты іс-қимылдарды айқындауда келісімге қол қойылғаннан кейін компанияға техникалық қолдау көрсетеді.

Жоба компанияға жұмыс орнындағы гендерлік зорлық-зомбылық пен құдалау тәуекелдерін жоюға және азайтуға бағытталған саясат пен процедураларды әзірлеуге қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, компанияға гендерлік зорлық-зомбылық пен құдалау жағдайларына қауіпсіз және құпия жауап беруге мүмкіндік беретін шағымдарды қарау механизмі мен тергеу процедурасын құрады.

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша түйіндеме

В санаты (ESP 2019). Ұсынылып отырған мәміле «Жетіген» транспорт-логистикалық орталығының құрылысын, санкцияларға ұшырамаған жеткізушілерден вагондарды сатып алуды, сондай-ақ Компанияның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін Қазақстанда парктің күрделі жөндеуін қаржыландыруға мүмкіндік береді. Тәуелсіз экологиялық және әлеуметтік сараптама («ESDD») ұсынылған инвестицияларды талдаудан және қолданыстағы операциялар мен басқару жүйелеріне аудиттен және құрылыс алаңына барудан тұрды. Қарыз алушы компаниялардың бірі, Исткомтранс, Банктің қазіргі клиенті болып табылады және Компанияда еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздіктің сенімді рәсімдері бар. Компания еңбекті қорғау жауапкершілігін бірқатар басшылар мен қызметкерлерге жүктеді, өз қызметкерлері үшін еңбекті қорғау бойынша тренингтер мен барлық жаңа қызметкерлер үшін кіріспе брифингтер өткізеді. Алайда, компанияның құрамындағы өзгерістерге байланысты, сондай-ақ жобаны есепке алу мақсатында, екі қарыз алушы да экологиялық және әлеуметтік саладағы басқару жүйелерін қайта қарауы қажет. Бірлескен қарыз алушылар ұсынылған инвестициялардың барлық кезеңдері үшін жиынтық әсерді бағалауы керек. Жоба қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік жөніндегі ұлттық

нормаларға сәйкес келеді. ESDD жобаға қатысты маңызды мәселелер жоқ екенін анықтады. Жерді сатып алу аяқталды. Мердігерлерді, алаңдағы қалдықтар мен қауіпті материалдарды басқаруды, сондай-ақ жұмысшылар үшін уақытша тұрғын үй-жайлар мен тұрмыстық жағдайларды жақсарту үшін белгілі бір жақсартулар қажет. Бірқатар кадрлық құжаттарға жергілікті тілде қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ шағымдарды қарау тетігін кеңейту, оны анонимді өтініштер үшін қолжетімді ету қажет. Сондай-ақ, халықтың шағымдарын қарау тетігін қоса алғанда, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарын әзірлеу және енгізу қажет. Анықталған әсерлер мен тәуекелдерге қатысты экологиялық және әлеуметтік іс-қимылдар жоспары қарыз алушылармен келісіледі. Гендерлік мәселелер мен гендерлік зорлық-зомбылық пен құдалау мәселелері компанияның тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және кадр саясатын жаңарту жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу жөніндегі ұсыныстары шеңберінде қаралатын болады. Жоба әрі қарай Банктің мониторингінде болады.

Техникалық ынтымақтастық және гранттық қаржыландыру

Жоба бекітілгеннен кейін техникалық ынтымақтастық шеңберінде қолдау алатын болады. Бұл қолдау компанияға өзінің қажеттіліктері мен талаптарына сәйкес кәсіби біліктіліктің ұлттық стандарттарын әзірлеуге немесе жетілдіруге көмектеседі. Техникалық ынтымақтастық шеңберінде ұсынылатын қолдаудың болжамды құны 75 000 еуроға дейінгі соманы құрайды және оны халықаралық донорлар және/немесе ЕҚДБ акционерлерінің арнайы қоры қаржыландырады деп күтілуде.

Компанияның байланыс ақпараты

Аида Елгелдиева
yelgeldiyeva@ect.kz
+7 727 355 5111 (қос. 801)
www.ect.kz
Әл-Фараби даңғылы 77/7, Есентай Тауэр, 050040/A15E3H4

Соңғы PSD жаңартылған күн

24 шілде 2023 ж.

Өтпелі процесс дегеніміз не

ЕҚДБ-ның жобалардың өтпелі процеске болжамды әсерін бағалауға қатысты қосымша ақпарат осы жерде қамтылған.

Жобаларға қатысу мүмкіндіктері

Жобаға немесе сатып алуға қатысу туралы компанияға – клиентке хабарласуыңызды сұраймыз.

ЕҚДБ-мен ынтымақтастық жөнінде (сатып алуға қатысы жоқ) мына байланыс деректері бойынша хабарласуыңызды сұраймыз:

Тел.: +44 20 7338 7168

Эл. пошта: projectenquiries@ebrd.com

Мемлекеттік сектордағы жобаларды: EBRD Procurement қараңыз, тел.: +44 20 7338 6794

Эл. пошта: procurement@ebrd.com

Жалпы анықтамалар

Нақты ақпараттық сұрауларды ақпараттық сұрауларға арналған ЕҚДБ формулярын пайдалана отырып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭӘС)

ЭӘС және оған байланысты жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (ІАТ)

ЕҚДБ «экологиялық жауапты және орнықты дамуды» ілгерілетуге өзінің ұмтылысын іске асыратын рәсімді айқындайды. ЭӘС және ІАТ-да клиенттерге ақпараттандыру және жұртшылықпен консультациялар жөніндегі ұлттық заңнаманың тиісті нормаларын орындау бойынша, сондай-ақ мүдделі тараптардың, әсіресе клиент пен жобаның экологиялық-әлеуметтік қызметіне қатысты алаңдаушылықтары мен шағымдарын қарауға және қанағаттандыруға ықпал ету үшін шағымдарды беру және қарау тетігін белгілеу бойынша нақты талаптар қамтылған.

Қажет болған жағдайда ЕҚДБ экологиялық-әлеуметтік тәуекелдердің сипаты мен ауқымына және жобаның әсеріне қарай өз клиенттерінен жобалардың тәуекелдері мен әсері туралы ақпаратты ашуды, сондай-ақ пікірлер алу және олар бойынша жауап шараларын қабылдау мақсатында мүдделі тараптармен егжей-тегжейлі консультациялар жүргізуді қосымша талап етеді.

ЕҚДБ тәжірибесі бойынша осы саладағы қосымша ақпарат ЭӘС-де бар.

Іскерлік адалдық және белгіленген нормаларды сақтау

ЕҚДБ комплаенс-бақылау басқармасы (КББ) жауапты басқаруға ықпал етеді және Банк қызметінің барлық аспектілері іскерлік адалдықтың ең жоғары стандарттарына жауап беруін және озық халықаралық практикаға сәйкес келуін қадағалайды. Іскерлік адалдықты тексеру Банктің барлық клиенттеріне қатысты қызметті жосықсыз жүргізуге байланысты қолайсыз тәуекелдерді, сондай-ақ ЕҚДБ үшін бедел тәуекелдерін болдырмау үшін жүргізіледі. Банк жобаларды алдын ала бағалау және мақұлдау сатысында проблемалық аспектілерді анықтау және алып тастау Банк мәмілелерінің бедел тазалығын қамтамасыз етудің неғұрлым тиімді құралы болып табылады деп пайымдайды. Комплаенс-бақылау басқармасы (КББ) осы профилактикалық іс-шараларда негізгі рөл атқарады, сондай-ақ инвестициялаудан кейінгі кезеңде банктің іскерлік беделі үшін тәуекелдердің мониторингін жүзеге асыруға көмектеседі.

Сондай-ақ КББ ЕҚДБ қаржыландыратын жобалар шеңберінде алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және лауазымдық теріс қылықтар жасау фактілері туралы ақпаратты тексеруге жауапты. Егер Банк ішінде немесе одан тыс жерлерде кімде-кімнің алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттері жасалғаны туралы күдігі болса, ол олар туралы compliance@ebrd.com электрондық пошта мекенжайына хабарлама жібере отырып, ол туралы комплаенс-бақылау басқармасының бастығына жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Барлық хабарланған фактілерді КББ олар бойынша тиісті шаралар қабылдау тұрғысынан

қарайтын болады. Жөнелтушінің аты-жөні көрсетілмеген хабарламаларды қоса алғанда, барлық хабарламалар бойынша тексерулер жүргізілетін болады. Бұл хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары елінің кез келген тілінде жасалуы мүмкін. Мұндай ақпарат жақсы ниетпен хабарлануы керек.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

2020 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген АҚС стратегияларын, саясаты мен операциялық қызметін неғұрлым терең білуге және түсінуге жәрдемдесу үшін ЕҚДБ-да белгіленген ақпаратты ашу және мүдделі тараптармен консультациялар өткізу тәртібін айқындайды. Қолда бар ақпаратпен танысу үшін ЕҚДБ веб-сайтындағы «Ақпаратқа қолжетімділік саясаты» бөліміне кіріңіз.

Нақты ақпараттық сұрауларды ақпараттық сұрауларға арналған ЕҚДБ формулярын пайдалана отырып жолдауға болады.

Жобалар бойынша есеп берудің тәуелсіз органы (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойыша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді;

Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын және осы жобаға жататын Ақпаратқа қолжетімділік саясатының ережелерін Банктің орындайтын орындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді. IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау Сұранысын тапсыру туралы көбірек мәлімет білу үшін Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін IPAM-ға ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.